

Ш. СӘТБАЕВА

ШӘКӘРІМ  
ҚҰДАЙБЕРДИЕВ



Ш. СӨТБАЕВА

ШӘКЕРІМ КҮДАЙБЕРДИЕВ



Алматы "Рауан" 1991

Қазақ ССР Халықда білім беру министрлігі  
Рұсастан еткен

Бұл кітапта қазақ адебиетінің негізін салуны-  
шардың бірі Шекерін Құдайбердіев творчествосының мектеп  
бағдарламасына енгізілуіне байланысты штатліцдер мен  
некірттерге арналған қосымша курал ретінде тәсінілшілік отыр.  
Многда ақынның негізгі ынғармаларына талдау жасалады.

С - 4306020400 - 018 116-91      © Сетбаева Н., 1991  
404/05/ - 91

ISBN 5 - 625 - 01237-7



## ЕЛМЕН КАЙТА ТАБЫСКАН

“Когамлы қайта куру, өткенді жаңаша ойлау түргесінан объективті, ғылыми зерттеуге штимкіндік туумның арқасында ақын Шекерім Құдайбердиев мұрасы халық қазынасына айналып оттыр. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің баросында “Ақын Шекерімнің творчестволық мұрасы туралы” мәселе қаралуын республика жүртшылығы аса ризашылықтан қарсы алды. Мен-майдың ерекше осы күшттегі барынан күшттегі деңгелден:

“Шекерімнің әдеби творчествосы идеялық-тәжірибелі мазмұның аудымдылығымен, есөрлі де көркемдік қуатының молдымымен ерекшеленеді. Жалпы алғанда, оның творчестволық мұрасы мол да, магынады және XIX ғасырдың алғы мен XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінен ерекше орын алады. Бул мұра үзак қылдарғы “тысіздік” пән нақақ жагадан кейін халыққа дайтанады оралды.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің баросы тұлға Абайдың талантты мекірті және оның реалистік дастүрлі жағасында шыгармаларының сыйындық түрғыдан карай отырып игеру, сөйтіп сларды халыққа көткізу жөнінде, оның “Түрік, қыргыз, қазақ һәм хәнлар шешіресі”, “Мұсылмандық шарты” аталаған кітаптарынан басқа барлық шыгармалары еңбекшілер тәрбиесіне зардал тигізгерлік зиянды идеялардан нұлдем адаекені ез алдина, олардың когамшынды рухани байту ісіне, оның ізгілік және адамгершілік мұраттарын бекітуге қымет ететтіндігі туралы комиссия үсынған тұжырымдар мен үсіністарға келтісті. Ақынның уақытша жағылносы мен қателесуіне келсек, бул оның дүниетанындағы белгілі бір шектеуліліктің көріні-

сі ретінде бағалануы керек<sup>1</sup>.

Откенде күн жағдайда әмір стріп, халыққа аянаңай еңбек еткен сақлақтар жатарында енді Шекерім Құлайбердиевтің де жарқын бейнесі биліктей бермеск.

XIX гасырдың екінші жартысы мен XX гасырдың алғашқы он жылдығы аралығында әмір стріп, қазақтың қогамдық, алеуметтік рухани, мәдени, әдеби өміріне кейде айтарлықтай белсene, кейде баяу араласып, ізгілік, адамгершілік, демократтық, агартуышлық идеяларды уағыздаган Шекерім Құлайбердиев мол. көркем шұра қалдырыды. Ол-акын, прозаик, аудармалы, философ, тарихшы, сондай-ақ ез елеңдеріне ен шыгарған композитор да болды, журналистикаға да атсалысты.

Шекерімнің бай әдеби шұрасынан езі әмір стріген деуірдің қогамдық көріністерін, ақыл-ой ізденістерін, толғанды тұжырымдарын табамыз. Оның 73 жылдық әмірінің көбі – 60 жылды Қазақ революциясынан бұрын, ал 13 жылды совет деуірінде етті. Шекерім әмірінің алғашқы он бес-жырда жылым балалық, жастық, санауды әмірге дайындық шағы деп есептесек, оның қогамдық әмірте араласуы, рухани шыңдалып, әдебиетке дең қоры еткен гасырдың 80-90-жылдары. XX гасырдың басында қазақ қорамы дамуинің ішкі заңдаудықтарына қарай алеуметтік, таптық қайшылық, қактығыстар, курс-тартыстар шиеленісе түсіп, қогамдық ой-санада гуманистік, демократиялық, агартуышлық бағыт-бағдар аясы кеңеңе, көркем қез салмағы мен ықталы да арта туокен.

---

1 Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетінде. Ақын Шекерімнің творчестволық шұрасы жөнінде. "Социалистік Қазақстан" газеті, 1988 жылғы сәуірінде<sup>2</sup>.

шакта Шекерім әдеби өмірге араласып, тұт әдебиетінде Докан, Абай, Нұбырай салған арна-дастүрлерді өнімді жалғастыруши болды.

Шекерім шыгармаларының деңгейі Казан революциясына дейін жазылып, біразы баспада жарияланып, халық наезарына іліккен, жотары бағаланған.

Революцияға дейін оның бірнеше кітаптары жарық көрді: "Түрік, қыргыз, казак қын ханлар шежіресі" және "Мұсылманың шартты" 1911 жылы Орынборда басылып шыкты. 1912 жылы Семейде "Қазақ алнасы" елеңдер жинағы, "Қалқаман - Мамыр", "Екілік-Кебек" поэмалары Жеке-Жеке кітап болып басылды. Осы күлдары Шекерім "Айқат" журнали мен "Қазақ" газетінің көтерген мәселе-леріне белсene араласып, бірнеше мақалалар жазды. Оның "Білімділерден бес түрлі сезілік пешуғи страймын", "Біздің мұқтаждарымыз" атты мақалалары - "Айқат" журналиның 1912 жылғы 3-4 сандарында, "Хазу меселесі!", "Барша қыргыз білімділеріне ашық хат" деген материалдары "Қазақ" газетінің 1913, 1914, 1915 жылдарғы сандарында жарық көрді. Бұларда, жалпы Шекерім туинчиларын зияны қауымынан қалай қабылдаганы, ахынға қандай үміт артқаны туралы да деректер сақталған.

Казан революциясын өкелген дауір жақалыктары, бірі кирап, бірі жақалан тұтіліп жатқан күбыльстар аясында өмір көл-кен Шекерім негізінен бүрін калыптасқан гуманистік, демократтық, ағартушылық қозқарасына, прогресс түнін қызмет ету мақсатына шының берілгендей, бекемдік тәншітты.

Революциядан кейін Шекерімнің екі мақаласы, "Хафизден аудармасы", "Абай" журналиның 1918 жылғы 3-4 сандарында, ғибулидің "Лейлі-Межиті" поэмасынан еркін аудармасы "Шолтан" журналиның 1922-1923 жылдарғы 2-8 сандарында басылды, кейін біл

поэма С.Сейфуллининің алғысөзімен Алматыда жеке кітап болып шыкты /1935/. Шекерім қазақ тіліне өлеңмен аударған Пушкин-нің "Дубровский" романы 1924 жылы Семейде, "Боран" повесті "Әдебиет майданы" журналының 1936 жығы 2-санында жарық көрді. Одан кейін ақынның бір топ өлеңі "Қазақ әдебиеті" газетіндегі /1959/ және бірнеше өлеңі түнгіш рет орын тұлғандегі Ленинградта шығатын "Ақын кітапханасы" сериясының "Казахстан ақындары" жинағында /1978/ басылды.

Аз уақыт ішінде /1989/ Ш.Худайбердиев шығармалары жеке том болып "Жазуши" және "Шалын" баспаларынан жарық көрді. | Проф. Х.Суіншалиев жараптырып, алғысөз жазған, оқушыларға арналған тағы бір жинағы "Рауан" баспасынан шыдты.

Осы баспада дақраланып жатқан жаңа хрестоматияда да Шекерім туындылары қомақты орын алады. Мұның бері - қазақ әдебиеттің алтын корына қосылатын асыл мұрага, ақын есіміне деген ңұқлас-ілтиппаттың, стиіспеншіліктің, күрметтің белгісі. Казахстан Компартисы Орталық Комитетінің, республика тұimetтің шешімімен жүзеге асуырылып отырған бұл иргіңе қазақ мәдениеті мен әдебиеті саласындағы елеулі оқиға болды.

Шекерім Қудайбердиев мұрасын зерттегендегі бірнеше мәдактаушылардың не синаржак даттаушылардың салынбай объективті, гылыми түргидан қарастырып, оның мәдениет пен әдебиет тарихынан алатын орнына еділ бага берілуі қажет. Ондай зерттеуге ақынның көркем туындылары, революциядан бұрын және кейін басылған шығармалары мен Казақ ССРЫның академиясы Орталық гылыми хитапханасының корында сактаулық долмазбалары негіз болады.

Шекерім революциядан бұрын салыныл реалист ақын ретінде қалыптасты, ой-әрісі, идеялық мақсат-мұраттары жағынан емірінде соңына дейін демократтық, халықтық, гуманистік, агаарушылық қызметтің бірнеше саласында - поэзияда, прозала, аудармада, трактат жазуда, журналистикада мол мұра қалдырылған.

### АБАЙ АГА АСЫНДА

Шекерім Кудайбердиев емірбаянының алабетен бір ерекшелігі - оның улы Абай Құнанбаевқа ен жакын алаңдарының бірі болуы, одан тікелей тәрбие алуды. Абай деңгүрлерін жалғастыруши, хамытуши бола білуді.

Шекерім Кудайбердиев 1858 жылы шілденің 11-інде /ескі стиль болынша/ Шыңғыс тауы бектерінде, қазіргі Семей облысының Абай ауданында дүниеге келген. Оның әкесі Кудайберді Құнанбайдың бәйбішесі Кіткеден туған баласы, яғни Абайдың немере інісі. Ол Абайдан 13 жас кіші. Шекерімнің әке-шешесі турады деректер қазіршеле аз. Олай дейтін себебіміз, кейін зерттеулер жүргізілгенде ақынның әке-шешесі турады да деректер табылғанын, себебі Құнанбай балаларына, немерелеріне мықтал көңіл

бөлуді түштігінан, тіпті фамилияларын анықтауға дейін мүмкін болғаны туралы мәліметтер сакталған.

Күнанбай балаларына бірде ез аекесі Өскенбайдың атын, бірде ез атын фамилия еткен. Мысалы, Күнанбай Акыздан туған Халиолла деген баласын Өскенбаев деп жаздырганы туралы күелік /свидетельство/ сакталған<sup>У</sup>

М.О. Өуезовтің "Абай жолы" эпопеясында Құдайберді мен Абай арасындағы жылы қарым-қатынас суреттелген. Онда Құдайбердің ің тесек тартып жатқан кезі, оның көңілін сұрап Абайдың келуі, ағалық-інілік көңіл-күй көріністері, қадірлес, ки-мас ағасының шиеттей балаларына Абай камкор болатыны бейнеленген. М.О. Өуезов: "Қарашқындағы қыстауға келген соң, Абай ең ауелі аекесіне бармай, Қтнкенің тігіне кірді. Мұнда Абайдың ең жақын көретін тұсыданы Құдайберді көктен бері науқас болатын. Алдымен соган амандасып, жайын білмек", - деп жазды<sup>1</sup>. М. Өуезов суреттеуіне қараганда Құдайберді сабырлы, үстамды, ойлы, аекесі Күнанбайдың ел билеу ісіне сын көзben қарайтын, жас іністі - Абай тартыс-жала сүмдиктарға ілігіп кетпесе екен деген камкор көңілді, ізгі жүректі адам болған. М.О. Өуезов: "Құдайберді өлерде Абай оған: "Балаларыңды еке орнына багу қарызы болар, жетімдік көрсетпесін", - деп айт еткендей болатын. Айтқанындай, Абай солан бері Құдайберді балаларын өзімен түсікан Оспаннан да, ез балаларынан да қатты еркелететін"-деп жазды. Шекерімнің анасы Деметкен туралы мәлімет аз. М. Өуезовтің "Абай жолы" романындағы дерекке қараганда Құдайбердің ің Деметкеннен туған басқа да үлдари болған.

<sup>1</sup> Өуезов Мұхтар. Абай жолы. 1-кітап. Алматы, 1968, 353-355-беттер.

Күдайберді 1866 жылы 37 жасында дүниеден өткен.

✓ Шекерім өмірінің біраз жайы өз шығармаларында, есіресе "Мұтылғаның өмірі" поэмасында жазылған.

Бестімде оку білстін деп,  
Ата-анам берді сабакқа.  
Жетті жаста жетім бол  
Түскендей болдын абаққа.

Ардақты кенже жетім деп,  
Әлпештелі мәні кеп,  
Надандыққа болды сеп  
Халтай ешкім қабакқа,-

деп бастайды азын поэмасын. Шекерім "Түрік, казак, қыргыз қем ханлар шекірестінде" атты еңбегінде былай деп жазды: "Мен пакыр өз екем елген соң улық атамыз қажы мардумның тәрбиесінде қалсам да, бұрыннаң аулының, қыстауымыз белек болғанда қажы мардум мен! "Жетім" деп айп, қысып оқыта алмай, жетімді сұлтау қылып, ойыма не келсе, соны істеп, гылымсыз естім. Өйтсе де, түркі танып, орынша хат танып қалдым"<sup>1</sup>. Шекерім біраз уақыт жастық қызығына туспіп, ойын-сауыққа, берілікке түр болған, домбыра, гармон тартатын өнері де бар, саяттық та қызықтырыған.

Алайда ол босер ерке, бос қеуде жас болмаган, оны табиғат, гылым жүпиялары жатты қызықтырыған, білті-гылымның қалдр-

<sup>1</sup> Күдайбердігін Шекерім. Түрік, қыргыз, казак қем ханлар шекіресті. Орынбор, 1911, 70-бет.

жасиетін терең туғыншып, әз бетімен оқып, түрленіп, рухани қа-  
зыналарға көп тұлған.

Жиырмадан еткенде  
Аз гана ғылым оқыдым.  
Алғызыңқітал шеттен де,  
Көңілге біраға тоқыдым.  
Білмегенді страдым,  
Жыстырып курадым.  
Одынан салын тұнадым,  
Молына түстім осынын.

Өнер, білімге жетар талапты жас Абай мектебінен етеді, оның кеңес-адылымен өлеңдер шыгара бастайды, поэмалар жазады. Оның жетімдік, жоғының көрмей, саудатты да сергек есуіне тұлға Абай қамкорында болуы қатты есфер еткен. Шекерім Абай қамкорлығына хайық саналы, талантты ақын болып қалыптасты. Ол Абайдың хөзі тірісінде-ақ оның дарын мен дамыштанығына тәнті болған жолдар арнады.

Кел, жастар, біз бір тұра і жол табалық,  
Арам алла, зорлықсия маң табалық.  
Өмпес емір, таусылмас маң берерлік  
Бір білімді данишпан жан табалық.

Ал енді олай болса, кінді аладық,  
Хазақша қай жақын бар-кез салалық.  
Шың ғалдесек, табарның шыны ғалым,  
Халыналық Абайға, жүр барабалық.

Білімді соң кісіден ізденелік,  
Өлеңі ғадеп біз келдік сізге делік.  
Әмір зақ болмастық өнер тириет,  
Ақыннанда аяма бізге делік...

Мынау Абай – бір ғалым-жол шыгарлық.  
Замандасы болмады сезді үгарлық.  
Амалы жоқ, айналды енді бізге,  
Ктн тулы етегіне жабысарлық.

✓ Абай мен Шекерімнің демократтық, гуманистік кезкарас, ой-тужырымдар тиесінділігі, Абай жасаган кептеген деңгурлерді жалғастыруы, дамытушы болуы – Шекерім итрасының тамаша бір кызынты қыры.

Шекерім бір кезде ел билеу ісіне де арадасады. Ел арасындағы қарым-қатынастарды жөндеуге, тартыс-талаастарды, арна-жалаларды тексеріп, әділ шешүге, сейтіп, адамының, жағастық, татулық жолын іздеуге Шекерім бірақ уақыт күш-жігер жүсады. Сейтсе де Шекерім вікіндік жолын құган кезін өзі босқа, текке кеткен зақ уақыт деп санады.

Мырна мен қырық арасы –  
Мас әмірдің сарасы  
Бос еткенін қарашы,  
Жүрекке тегіп қанды іріп.

Алайда аз уақыт болса да екімшілікке арадасу ел билеудегі әділетсіздіктерді көріп, халық әмірін білууге елеуір пайдасын да тиғізді. Шекерім енді ел билеу арқылы аламдарға жақсылық

жасау шының емес екендігін туғынеді. Оның бірсынша өлеңдері мен поэмаларында сол әмір көріністеріт бейнеленген. Ол қазақ қоғамының рухани дамуына сез енергімен қызмет етуді, кепшілік сана-сезімінің есүтіне көмектесуді, жастарды ғылым-білім, енер-енегеге баулуды нысанда етеді. Қырық жасқа тағынган шакта ол өлең шыгарумен бірыңғай шүгілданып, "Қазақ айнасы" жинағы - нақ кірген көптеген өлеңдерін, поэмаларин жазады. Олардың кепшілігі - өлеуметтік, гуманистік, агаартулының арналагы тұндылар:

Қаздым "Қазақ айнасын".  
Мінез түзеу айласын,  
Ел көрсін деп пайдасын,  
Бастырып елге тараган.  
Қазаққа қалақ қарадым,  
Қандайлық мінін санаадым,  
Қанша жыртық жемадым,  
Біхеді оқып қараган.

Шекерім есебе келе өз бетімен ізденіп, білім алуга жындел кіріседі. Ақсан алғырылых және табандылых танытып, араб, түрік, парсы, орыс тілдерін мейнгеріп алады, өлемдік білім қазынасмына еркін болладап, езге тілдерде тұған тәдік шыгармаларды қазақ тіліне аударумен де айналысады. Адамдардың сана-сезімін, мәдениеттің кетеруді, оку-енерге ынталаныру мақсатымен ол төл шыгармалар жазып қана жоймай, басқа халықтардың ахыр-ой қазынасмында түзіліп, олардан адамзатқа ортак, тұсас ой жиілерін табады, діниетанның кеңеңе ттседі. Кершілес үлкен ел - орыс халықының тарихы, ғылыми, мәдениеті мен әдебиетіне деген көзқарасы "Дубровский" романының аудармасына жазған алғысөзде тұжырымдалған.

Революциядан барын Ш.Кудайбердиев қазақ зияялдарымен, орыс интеллигентиясын екіндерімен таныс, жағын қарни-қатынаста болған, олармен бірге хоғамдық мәдениеттегі істерге араласқан. Мысалы, орыстың императорлық географиялық қоғамы Батыс-Сібір белгімінің Семей белгімінен иште болған. Бұл туралы академик Д.И.Сатбаев: "Октябрь революясына дейін Қазақстанда бір гана ғылыми-зерттеу мекемесі - География қоғамының Батыс-Сібір белгімінің Семейдегі кіші белгімінде болды" - деп жазды<sup>1</sup>. Мінб, осы байыргы ғылыми-зерттеу мекемесінің 1902 жылдан 1910 жылға дейінгі есеп жылнамасында Шекерім Кудайбердиевтің аты көздеседі. Жылнама 1911 жылы Семейде жарық көрген. Ойда қоғамның Батыс Сібір белгімінің Семейдегі белгімінің толық ишесі! қатарында Е.Л.Михаэлис, ағайынды Беломодовтар, Н.Кужанов, Н.Н.Толстоймен хат жазысып тұрган мүгалим Р.Елікбаев, тәғі басқалары қатарында Шекерімнің де болғаны, оған ишмелікке 1903 жының да былданғаны айтылады. Осы мекеменің тарихын, архивін зерттесе, Шекерім Кудайбердиев туралы басқа да материалдар табылып қалуы ықтимал. Мұндай материалдар Шекерім Кудайбердиев сол кезде қазақ және орыс зияялдарымен қызметтес, пікірлес болғанын, қоғам өміріне араласқанын, шамасынша еңбек етіп, пайдада көлтіруді мақсат еткенін аңғартады.

Шытырман қайшылыха толы қоғам өмірінің қатпарына еркін бойлап, ой ерісі көзейіп, талантты шалқын түскен шакта Шекерім рухани тірек-сүйеніші Абай ағасынан айрылады. Стілкіті ағаттостасының дүниеден етуі оған қатты есер етеді. Енді ақының

<sup>1</sup> Сатбаев К.И. Көркейген қазақ халқының ғылыми мен мәдениеті. Қітапта: К.И.Сатбаев. Избранные труды в 5-и томах. т. Ү. Алма-Ата, 1970, с.70.

айналасында езімен иштас, ой-әрісі деңгейлес дарынды адамдардың аз болуы, болса да бытыраңы журуй Шекерім сыйында ереи тұлғаны бір сөтте болса қогамнан белектеу болуга итермелесе, оны тусянуге болатын сияқты. Адамға, оның імінде шыгармашылық ой адамына бір мезгіл тыныштық, ез-езімен болу ой-сөзім дүниестіне бойлап, әмірден алған есер-тужырымдарды жүйелеу үшін де қажет. Сол жағеттіктер талай тамаша көркем шыгармалар тударуга себеп болған кездер тарихта аз ба. Мысалы, ағылшының атақты романтикалық ақындары Колридж, Саути, Водсворд тәзак уақыт қогам әмірінен мұлде аулакта, табигат аясында, тау, орман, езен сағалап әмір сұрген, сондыктан оларды "кең мектебі"/"озерная школа"/ деп атаған Гой. Шекерім де солар іспетті "оға оңаша жер керек, ойында тарап ел керек" деп, біраз жылдар бойы жеке басы елден аулакта, табигат аясында әмір сұрген. Бірақ оны кейбіреулердің неше түрлі саққа жүгіртіп, есек таратып, тіпті оған саяси ең беру әрекеттері сол кезде де, кейін де болған. Бұл түрлайылтық, қара дұростайліктің, әділетсіздіктің көрінісі екені аян. Сол кеселге дарын Шекерім езі билай деп казған еді:

... Қинаған қазынамды  
Оңашада қорытам ойға салып.  
Зорлығын елге істеген басылардың,  
Алдаған арам молда, басылардың  
Жариялад жайларын, жалып жүртке,  
Құлагина салмақының жасылардың.

Зорлық, зомбының етек алған үзағі ел жайын суреттеуді жасылардың, әділеттілікке тидеуді, бітім-ғылым арқылы адамдарды сана-сөзіміне, нағым-намысина, іс-әрекетіне, жүріс-тұрыс-

на осер, шапал етуді, сәйтіп, қазак екін жақсартуды мәсүтт  
еткен ақын:

Ала аяқ стидарга ерсөл болжас жолып,  
Қазагым-ау, қанғырып, қайнар сорып.  
Өнер-тының түрленсең, еңбек етіп,  
Мазаң болшам елдікке жетер колың.-

ДЕП ТУЖИРЧИЛАДЫ. Қазақ елтің ғылыми мен мәдениет билігіне ке-  
терілуіне өзінше тлес қосуды мәсүтт еткен ақынның енді қауым-  
ға, когамта сез өнерімен шапал етуді қездегені оның "Ақындар-  
ға", "Ақалсна өскер", "Ескі ақындар". т.б. тұңқылардағы ал-  
тылған. Шекерім 1905-1906 жылы қажыға сапар шегіп, оралады.  
Бұл сапарды ол көктен ойдал жүрген мәссаңтарының бірі - Стам-  
бул кітапханаларындағы асыл мұраштарды окуға, тарих тереңіне  
тілуге пайдаланған.

Әмір қайыныктарын тәншіл-білуде кейбір солжылдақтығын, аз  
уақыт реациянындар ықпалында болғанын езі де байқап, "Мұтын-  
ганның әмірі" деген өлеңінде сонысна екінші білдірген-ді.  
Алайда оның тыныштық жағдайларда әмір стріп, творчестволық еңбек-  
пен аладын шығылдануына бұрынғы дүштандары, оны таяз белсен-  
ділер итмікіндік бермегі. 72 жасқа қаражан шағында Шекерім сол  
студықтардан аулак болуға, табиғаттың яғында әмір сү-  
руге тағы да бел балап, Шығыс таулары бактерінде одаша  
турады. Оның қасында әмір тауқыметін бірге көрген серігі Әу-  
піш қана болғаш, оған ариап ақын "Серігім жалғыз Әупіш қасын-  
дагы" деген өлең шыгарған.

Серігік жалғыз өупін қасындағы,  
Ертеден жолдасымсың қасындағы.  
Таза жүрек, онында арамдық жок,  
Райтынды сен тұссың басындағы...

Өупіннің тиесі қасында тұстауды адам еркін байлау сияк-  
ти сезінген Шекерім "Ойласам, еркінді мен алдың неден, ел-  
ге бар, рұқсат бердім ырзалихпен, жоң, өупін, алрынсан се-  
німенен" деп рұқсат етеді. Көзінен "иктиярсіз жас шыгарып"  
қонтасады, бұл да Шекерім бітімінің ерекше білктігін та-  
нитса керек.

Сөйтін, есіл амтқанындаи, "Жолдасым-қагаз, қарындаң",  
"қажынағтын көрілік жеңгенинші" болып, бар шаруана есіл то-  
теп, одана жүрген Шекерім туралы қанышеверлер "ол бандит-  
термен сыйбайлас", "есіл аугая" деген сияқты етірік-есек,  
қауесет-лақап таратып, оны түрмелеге де жаптырган. Алайда  
оның бері жала екені анықталып. Баданас түрмесінен босатыла-  
ды. Өмірінің соғы жылдарын тауда жалғыз еткізген Шекерім  
1931 жылы казанның 2-сінде асирға сілтеуілердің колынан қа-  
за табады. Олар ақынның стиегін күдікка тастаиды, туыстары  
келін стиегін тауып алып, жерлеген. Кеменгер қартты елтір-  
геген жауындар қылмыстарын біркеу тін оның социзмінен түр-  
жі жала жауып, кара қагаздар жазып "негелеп", Шекерім атын  
тарихтан етіруге бар кіттерін жүсіганды. Қанімерді казалдау-  
ды орнина, оны колдауындар табылған. Адамзат тарихында ақ  
пенен кара, әділдік пен зұлымдық альсып келсе, сол зұлымдық  
тың бір күрбаны Шекерім болды. Оның аты да, бай шұрасы да  
зұлымдық, қаскейлік шырауынан жепкө лейін арила алмады.

Оган үзәк жылдар бойы тұтмын, совет хизметіне қарсы, бал-  
кулактарға жақтас деген жөнелі, жаңғам кіно тарихын, аты  
аталмай келді. Шекерім Рұдайбердин 1953 жыны толық жақтал-  
ды. Онда: "Шекерім атына кір келтіретін деректер жоқтығынан  
ақталаған". - дедінген. Бірақ бұған да қарамастан, оның аты  
мен шығармаларын халықка қайтаруға тәріз да көдергілер көз-  
десті. Бірақ халық оны еңбапан тынықтан емес. Биңдиңде, халықка,  
тарихқа, мәдениет пен әдебиетке жаңы амбилик адамдар  
Шекерімді, оның жазғандарын, алым-әлемштерін, әдәх қызметін,  
асыл ытрасын жадына сақтал, қадірлекен, оның күнге дейін оның  
шығармаларын жатқа алтатын адамдарды жиі көздестіруге бола-  
жы.

#### ОЛЕН ӘРНЕКТЕРІ

Шекерімнің бал ытрасында езі әмір етрген деуірдегі қо-  
ғандық көріністер, алым-ой іздептестері, толғамды тұжырымдар  
Ізін көлдириди.

Шекерімнің діннеге, әмірге, табиғатқа, сан-зала құбы-  
жы-көріністерге, дінге көзқарасында кейбір кейіншіліктар көз-  
дескенімен, еңданан оған көзіз берілген жок; әмірдің құдайлары-  
рақатынан аулақ болуды уағыздытын тақуа, берін жоқда ынгары-  
тын түңзілген, торыдан адам емес. Діннеге көзқарасы жөнінен Шеке-  
рім көбінес рационализмге, демократиге белім. Бұл философиялық бағыт  
дүниенің жаратуны бір күн бар дегенді монындаиды, оған табиғаттың,

жаратылыштың көлісті жарасымдылығы, жүйелі тұнысы мен үнемі қозғалысын делел етеді, дүние ісіне құдай араласпайды, адамның болмысты танып білуі мен өзін-өзі жетілдіру мүмкіншіліктерінде шек жоқ деп қарайды. Қазактың ағартуыш-демократтары да кебіне осы дүниетанымды, қөзқарасты жақтағаны белгілі. Шекерім де солардың ізінде болды.

Ақынның дүниеге, қогамдық құбыльстарға қөзқарастарында үстірт пікірлер, кейбір қайшылыхтар бар. Әсіресе, оның ерте-ректе жазған "Түрік, қыргыз, қазақ ńем ханлар шежіресі" және "Мұсылмандық шарты" атты кітаптары мен кейбір елеңдері женинде солай айтуга болады. Дүние жаратылышы, "Өлтеусіз галаң" галаматы, "жоқтан бар қылған" ерен күш құдіреті жайындағы түсінік ақынның дінге қөзқарасына, сеніміне негіз болған. Дін тарихы, теология туралы кітаптарды оқып, ол бір кезде мұсылман дінінің кейбір шарттарын адам мінезді-құлқын жәндеуге пайдаланса деген түсінікке бой ұрады да, ислам ережелерін түсіндіруге тырысады. Мысалы, "Мұсылмандық шартында" "Иманның магынасы", "Аллатагаланың сипаттарын білмек", "Кітаптарда иланбақ", "Адам жақсы мінезді болмак", "Әрбір халал іске ұмытылмак", "Адам өзін танниса", "Ата-ананың құды", тағы басқа тараулар бар. "Мұсылмандық шарты"-мұсылмандықты насиҳаттайтын кітап. Шекерім бірыңғай дін жолын ғана қызып кетпеген, сондықтан дін иелерінің, молда-лардың өрестекел тостерін, сурхия бейнелерін өшкөрелейтін елеңдерде шығарған.

Шекерімнің "Түрік, қыргыз, қазақ ńем ханлар шежіресі" кітабы тарих қойнауына тиілу негізінде жазылса да, ондағы бірсын-шыра пікір-тұжырымдарда қайшылыхтар аз емес. Ол: "Қазактың түпкі атасының жайын білмек болып, көп уақыттан бері сол туралы есіткен-білген!иді жазып алып және өр түрлі жүрттың шежіре кі-

таптарын оқыдым. Оңынан кітаптарымның мұсылманшасы: Таби-  
тарих гүмүши, тарих гүсмани, тарих антишар аласлам, Нажип Га-  
сырбектің түрік тарихы, Баңадүр ханың язған шежі-  
рәй түрік және қем түрлі кітаптардан алынған сөздер; орыша  
кітаптардан оқығаным: Радловтың үйгүр туралы, Аристовтың түр-  
кі настілі туралы; дүниедегі қем түрлі жүрттің шежірелерінен  
орыстага көшірілген сөздер! Оның ішіндегі түріктің ең ескі  
заманындағы шежірелері - "Кудатку білік", "Қому чидам" деген  
кітаптардың сөзі және қытайдың Иуан-Шауу-ми-ши деген жазушы-  
сының сөзі және араб-парсы, рум-европа жазушыларының сөзі", -  
деп жағдай.

Кітапта осы пайдаланылған материалдардан фактілерді, адам  
аттарын ғана тізбелеушілік, мән-мазмұны ашылмауы, ел билеуші-  
лерге кептеп көңіл болу, кейде еткен күндер жақсылыққа толы  
деген тостірт, күте тұжырымдар айтылуы кездеседі. Тарих қатпар-  
ларына терен түліп, олардың заңдылықтарын, тап-тартыстарын  
ашу, әрине, оған ері қын да еді, ері мүмкіндіктер де жоқ еді.

Бул кітаптың жазылуы мен басылуы аралығындағы мерзімінде  
/осы гасырдың алғашқы он жылында/ қазақ когамы да қайшылыққа  
толы болғаны белгілі. Мұның өзі жазушы көзқарастарындағы қай-  
шылықтарға да асер еткен! сезіледі.

■ Шекерімнің жан-жақты қаламгер болып қалыптасуына, сөз  
әнері тарихына өзіндік оғ-әрнекпен зор тлес қосуына кептеген  
факторлармен қатар оның алдында қазақ халқының бай ауыз әдебиет-  
ті фольклордан бірте-бірте белгілі, жазба әдебиет белгілерін  
гасырлар бойы қалыптастырган белгілі ақын-жыраулар мұрасы да-  
муы, жазба әдебиетінің сағ алтын үлгілері Махамбет Өтемісов,  
ұлы адын Абай қазынасы болуы, Шығыс және батыс әдебиеті, алтын  
қорынан сусындау, мейгеру дәстүрі жетіле түсу! себеп болды.

Шекерім творчествосындағы басым көзілігі - поэзиялық миғармалары. Сөз енерінің осы байыргы түрі - поэзияда ең алдымен адам өмірінің қат-дабат ҳыры мен сырь, қуат берер қуанышы мен қарталтар қалғысы, алға тартар арманы мен жетелер тиісті, соулесі серпін тұғызып штрапт-мақсаттари - барнасы көркем болуладын, сан ҳыны ор-өрнегімен көрініп табатыны ҳақ.

Шекерімнің поэзиялық миғармаларының мазмұны да бал, әр алуан сақада жазылған. Егер тақырыптық және жаңрлық мазмұн тұрғысынан қарасақ, Шекерім поэзиясында азаматтық, философиялық, махаббат, табигат лирикалары бар, ода, олегия, сонет, тарихи баллада, ҳалық елеңдері түрінде жазылған миғармалар да кездеседі. Бұл жағынан ақын қазақ лирикасын ейтарлыктай жаңғыртып, байытты, поэзия мәдениетін дамытты.

Шекерім өзінің елеңдер жинағындағы алғашқы басылымына "Қазақ айнасы" деген образдың бейне колданғаны тегін емес. Бұл сөз енері - әмір соулесі, әмір суреттемесі деген ақынның биікте терең философиялық әрі естетикалық түсінік-үрнім магынасының көрінісі еді. Көпшілік назарина үсінниң отырған өз түмніліктерина ақын "Қазақ айнасы" деп жирады да магыналы, бейнелі де орамда ат жоюшы, әз! әмір отрекен кезделері қазақ жорамының қал-жайының кейбір көріністерін көрсетуі әркыны хандықтың азық-ой, сана-сөзіміне әсер етуіді көзделген. "Қазақ айнасы" жинағы ақын бірын қазтак алеңдерін сұрыйтал, жүйелеп берумен де, баспадан кітап болып шыққандығымен де қимбат.

Шекерім ақындық міндетті биік бағалай көхіп, өзіндік пікір тоңнан ақын:

Олең айт дарын өрге өрлекендек.  
Сөзінді қозғап, тәтті ой кернегендек.  
Жанды сөз бойын ерітіп, маужыратып,  
Өлділеп жыр бесігі тербегендек.

Кауымның қалауына тап келгендей,  
Болғанын, болашагын айт кергендей.  
Керістен тартып жируди жебелі оқтас,  
Дөл тигіз қалаганга қас мөргендей.

Стойо ішіп ақынға елті мен бергендей,  
Өлеңмен өміріне сен бергендей.  
Қадалып жүргіне ад жаңжардай,  
Оятсын сыйтінде жан бергендей.

Ерікті билеп алсын айтылған жыр.  
Сырты-гүз, жарасмыди, ішінде сыр.  
Канының ләззет алар жарығындаи,  
Менгілік өмпейттүгін тегілсін нұр.

Үйріліп кекейіне түшін жатомы,  
Тазартып жүрек кірін жүши жатомы.  
Қаңомған шея дақаны қанықтырып,  
Жыр тасып дариядаи дүйнін жатомы.

Ақындик туралы еңедерінің бірінде Шекерім "Гаскерім" -  
өлеқім мен сездерім" деген сөзді да айтады, осм образды орахын-  
ға кейін хазынған С.Мұхановтың "Сез-советтік армия" атты еңең  
тидесін. жағасын жатыр.

"Қазақ айнасы" жинағына Шекерімнің міна еңедері енген:  
"Өзім", "Хуандар", "Корқаң бай", "Бай мен донал", "Қайтқан  
шал", "Пісі мен ник!", "Бай мен кедей", "Күзар", "Партия адам-  
дары", "Абай марғын еткен соң, езіме айтқан жиірлерим", "Өлтег  
кеңіл, миңисыз өмір", "Өмір", "Мал жимак", "Насихат", "Өкініш-

ті емір", "Халуан мен адниактық", "Сенқойлар", "Азакорлар", "Ертіншек", "Күмарлық", "Жан менен дене, ын көңіл", "Калжын-шыл қылжақбас", "Қысқа сез", "Сез синап, өлең өлтемек", "Ақалсыз ғаскер", "Тойымсыз непс!", "Тұрақсыз дүние", "Бояулы Сүңгі", "Қаншыр менен бедене", "Ақылшы торғай", "Дасқыр, тұлқи, бедене ын талап пенен ақыл". Бұл өлеңдерінің аттарының өзі-ақ мазмұн байдығын, кетерілген маселелерінің ауқымының көндігін, ақыл-ой, сезім терендігін, үстанған бағытының өлеуметтік сыншылдық, гуманистік сипаттарын да аңғартқандай.

Шекерімнің лирикалық өлеңдерінде оның дүниеге қеңкарасы, сан қыла әмір құбыльстары мен көріністеріне жатсы ой-сезімі, асыл армандары, көңіл құйы, инта-ықласы бейнеленген, қоғамдық, өлеуметтік, философиялық, моральдық мәні бар толғанистар мол.

Шекерімнің лирикалық шығармалары қазақ әдебиетінде лирика жанры мықтап әркендеген, дәстүрі қалыптасқан кезде, Махабет Абай үлгілері жалғаса дамыған кезде дүниеге келгендіктен, идеялық-керкемдік деңгейі де би!к туындылар болып сыйқан. Ең күндысы сол - онда ақынның "мен!" - лирикалық кейіпкер! қоғамдық ой, халықтың көкейтесті сирларымен астасуы. Шекерім өлеңдерінің көпшілігі революциядан бұрын шығарылғандықтан болун керек - онда көбіне қазақ елінің киын емірі, мұн-зары, толғагы жеткен ауыр ойлар, қоғам, бұқара үшін мәні бар тәбірен!стер, идеялар айтылады.

#### Позмалар хәқиноста

Шекерім мұрасында зәостық жанрдан бір түрі, белгілі бір оқиғаны өлеңмен баяндайтын, сюжетке иктилатын шығармалар - поэмалар өлеулі орын алған. Поэма жанринің алтарлықтай жұскалары - Абай Қтнанбаевтың "Ескенең", "Маснұт", "Өзін", Магаян Абайтың Қтнанбаевтың "Мелгат-Касым"; Ақылбай Абайтың

Күнанбаевтың "Зұлғас", М.Сералиниң "Гүлқашима", С.Торайғыровтың "Кедей", "Адасқан әмір", т.б. поэмалары жетарына Шекерімің "Калқаман-Мамыр", "Еңлік-Кебек", "Нартайлак-Айсұлу" шыгармалары косылады.

Шекерім поэмалары - бас-аяғы хинақы, сюжеттері шираж, адамдардың қарым-қатынастары, тартыс-талаастары, стыйншы-күйінштері, іс-өрекеттері нанымды суреттелген, идеялық-көркемдік хасиеттері мол туындылар. Сырттай қараганда Шекерім поэмаларының тақырыптары үкес, түлес - биік маҳаббатты жылау болып көрінгенмен, онда қогамдық-өлеуметтік қарым-қатынастар астыры астасып, қынстирылыш ерілген.

"Калқаман-Мамыр" поэмасын Шекерім "Қазақ тілінде жазылған тарихи хикая" деп атад, "Мұтылған" деген біркеніш атпен /псевдоним/ жариялаган. Шыгарма Семей қаласындағы "Жардем" баспасында 1912 жылы басылып шықкан, ақын қысқа кіріспе жазған. Шекерімің бұл кіріспе сезіл поэма сырын атуға бірден-бір кілт десе де болады. Кіріспеде "Калқаман-Мамыр" поэмасы болған оқига негізінде жазылғандығы айтылады. Абай ықтапалында ес-кен Шекерім көркем шыгарманиң шыныбы, реалистік түргыда болғанын парғын түткән. Одан әрі оқигага бурын қандай көзқарас қалыптасқаны, яғни "ескі қазақтар теріс кезімен" қараганы, "ақсақал аузынан да қалып бара жатқаны", үмитылғаны айтылады.

1722 жылы болған тарихи оқигага байланысты шыгарылған "Калқаман-Мамыр" дастаны ер түрлі ғынусқада ел есінде сакталған, "Дала уалаяты" газетінде 1892 жылы жарияланған. Қазақ ССР Гылым академиясының Орталық кітапханасының колжазба корында осы дастанның 9 итесін сакталған. Ал енді ғасирлар қоныауынан Қалқаман-Мамыр оқигасын ақын алып шығып, оған теріс көзқарастармен келіспей, жаңа тұжырым айтып, осы күнгі көңілінің көзі

"жылтар жазасын екенін біліп", "еткенді жандандыргандай болс-  
сии деп" тұттыған істі аяға көнда "сол асындардың көзі кет-  
се де, ізі жоғалмасын дедім" деуінде не сыр бар, жандай қажет-  
тік болған деген страж туади. Осы сыр "Халқаман-Мамыр" шыгар-  
насның екі бойына өрілген.

Шекерім:

Халқаман мен Мамырды қаздым бұрын,

Охығандар байқадың оның сыршын.

Енді айтамын Едлік пен Небек сезін,

Тәғи санай көріңіз мүниң түрін, - деуіне

караганда "Халқаман-Мамыр" 1912 жылы жарияланса да, жазылу мер-  
зімі ертеректе-шамасы XIX ғасырдың соңғы жылдары болса керек.  
Бұл кезде феодалдық-патриархалдық деуірдегі тамыр жайған оз-  
бирлік, қатығез әдет-әтриттар мен еркіндікті көксөу, халық ой-  
арманының толқындары шиелеміс түскен-ді. Ел тағдыры қатты толған-  
дырған Шекерім тарих тәғілімінә, елеуметтік қақтығыстарға, әді-  
летшілдік пен әділестіздік, озбірлік пен адамгершілік, тунек  
пен сауле шайқастарына тәніледі де, одан өз заманының адамдары-  
на қызымет етер, қажетіне жарар қасиеттер табады. Нас жігіт Хал-  
қаман мен ару қызы Мамыр бір-біріне ғалық болып қосылады, алай-  
да олардың тағдырына эттім қара кты араласады. Ескі салт-санда-  
ни қуаттаушылар феодалдық-румындық қоғам екілдері жастандың  
бір рудан шиккандығын, "достар бұзып" некеленгенін сұлтау етіп  
жүгіндейді. Өлім жазасына кесіледі. Жазыссыз Мамыр түнсі Кеке-  
найдың қолынан жаза табады. Халқаман стылғы, озбірлігі мол  
ортаны - Көнгірбап би елін тастап, басқа жакқа кетеді. Пояна-  
да Халқаман Бухар жақта есіп-еніп, үргагы тәкен қауым болғаны  
айттылады. Поянада енір тауқыметтіне, озбірлікке, ектеңдікке, қын-  
дик-кедергілерге мойынай қасқая жарын тұрап, еркіндікті ансан.

еэ еңбегі арқылы есіп-әнген Қалқаман образы жастарға үлгі.

Казақ едебиетті тарихында, Шекерім творчествосында езін-дік ерекше орны бар шыгармаларының бірі - "Еңлік-Кебек" поэма-сы. Поэма 1912 жылы Семейде "Жардем" баспасында "Холсың жаза яки болған іс"/Самосуд или случайность/ "Еңлік-Кебек" деген атпен жарияланғанда Шекерім мынадай, аз да болса мәнді, кірісне жағран:

Өткен адам болады кезден таса,  
Өлді-әтті, оны ешкім оқламаса.  
Оя кетсе де белгісі жогалмайды,  
Керектісін ескеріп, умытпаса.

Ақыл деген денеге егулі дан,  
Сугарылса кіреді отан да жан.  
Ақылдың есіп-әніп зораймагы -  
Көрген, білген нараседен гибрат алған.

Ес тіп, біліп, кез көріп, ойга салмак,  
Өткен істен адамзат бір үлгі алмак.  
Қызыңтак, не жек көрмек, жіркенбек.  
Бастан кешкен ер істен белгі қалмак.

Казақ даласындағы тайпалар мем руладар карым-катаңастарының күрделілігі, ру басылардың қақтығыстарының қоғамға, естремесе жастарға зияни туралы Шекерім кеп толғанғанда, сол қоғамдық кеселді, сұмдықты болдіриау жолын іздеген, тарих тағылыми арқылы ондай озбырлықтың қалталанбауын, ел естіне салуды ойлады. Сейтіп, оя адам тағдыры, адап махаббат жолындағы курсес, билеу-

ші талтың өділетсіз өрекетіне наразылық, бірін-бірі тұнатып стілікен жастардың қайғыны емірі туралы "Еңлік-Кебек" поэма-сын мазды. "Қалқаман-Мамыр" сияқты бұл шыгарма сюжеті бүрін-нан белгілі, ел арасына мол жайылған итсекалар негізінде жа-зылған. Ескілік, руындарық, өділетсіздік жайлаган заманың кур-баны болған екі жастың, қайғыны тәғдирін бағындағын "Еңлік-Ке-бек" поэмасы бүрін бірнеше рет жарияланған болатын. Алғашқы нұсқасы "Қазактардың естерінен кетпей жүрген бір сез" деген атпен "Дала уаҳаити" газетінде 1892 жылғы 31-39 сандарында, 1900 жылы сонда "Қазактың тұрмысынан хикая" деген атпен кай-та басылды. Кейбір адам, жер-су аттары гана езгеріске шыра-ғаны болмаса, поэманиң бүрінгі мазмұны, сюжеттік желісі сол калтында сақталған.

Шығыстау маңын мекендеген Тобықты руы батырларының бірі Кебек жас мамасы жырмага келгендегі күш-қайраты тасып, болаша-ғына, алғыс атыралтарға асқынданай алдында не боларын білгісі! келеді де, болашақты болжагып дуалы данышпан атанған қарт Ны-сан абыздың мекенін іздел табады. Бұл-болашақты болжауды ак-саған ел арманының ері нанның-сеніңге, тәғдирға иланудың бір көрінісі! Нысан абыздың жадау кітіз түйнегі қобyz сарының келер сазы Кебек жанын баурайды, елжіретеді.

Абыз қарттың болжамина, Кебек тәғдирі қауіпті, трейлі, бақытсыз, күндердің күнінде ол стилу қызғағамың болып қосыла-ды. Бірақ бақыт қызығы аз болады, жары жолында дүшпандар жар-тысынан жастай жаза таппақ. Жылдар етеді. Оқиға желісі Кебек-тің еліктегі сымбатты, тіндегі туғыннан көз, тедіз түбіндегі те-рең стилу Еңлікке кездесуін, бірін-бірі тұнатуын, қосылуын бағын-дайды. Еңлікті атастырып қойған Найман елінің адамдары ытни-намис көріп дауласады, жаңжақдасады, барынға, шабыс-қырылғас-

басталады. Дауласқан екі ру-Тобықты мен Найман билер тәмінне ұтқынеді, мейірімсіз тасбауыр билер Еңлік пей Кебекті ат күйргына баллап, стіретіп елтіреді, екі жастық төрт айлық баласы тау бектерінде шырқырай жылап, жетім қалады. Назыксыз жестар сүмдақ елім алдындағы өздерінің актық тілектері болында бір жерге көміледі. Махабbat жолында құрбан болған, бас бос-тандығын аңсау мен зұлымдықка каромласудың бейнесі болған Еңлік қызы мен Кебек батыр аманда ел есіндеге сакталады, зиратына 1780 жылы ескерткіш мұнара қойылады, соғыс алдындағы жылдарда олардың бейіті басына жаңа ескерткіш орнатылады.

Семей облысының Абай ауданындағы Ералы жайлдауының шығарма жағындағы, Семей-Қарауыл тас жолынан 5 вакырын жердегі Еңлік-Кебек қабірін - махабbat мұнарасын ел мәдениетінде орнатылады.

Казак жазба адебиетінде тарих, азыз негіздерінде шыгарма жазу тұлғалері кебіне кеп Абай салған дастурлермен ариналас. Еңлік-Кебек хикаясының негізінде сюжетті поэмалар тууна да Абай кеңес-ақылдары себеп болған. Еңлік-Кебек ойнасына арналған Магауия Абайұлы Құнанбаев поэма жазғаны, оның негізінде осы шыгарманиң халиқтық тұлғасы "Дала уалаятының" газетінде 1892 жылы жарияланған чысқасы алынғаны белгілі.

Оси бір тарих қазынасы, халиқ әлпештеп тұрпактан тұрпак да жеткізген хикая, азыз Шекерім Құдалбердиевтің киял қанатына конып, ушқыр қаламын жетедел, жазба адебиеттің тары бір тұлғасын жарыққа екелді. Шекерімнің "Еңлік-Кебек" поэмасы ертеректе жазылған да, алғаш баспа бетін көрү! - 1912 жыны, Семей қаласында "Шердем" баспасында жарияланған. Шыгарманиң бұл басынына автор "Холсыз каза яки кез болған іс"/Самосуд или случайность/- "Еңлік-Кебек" деп атал, киска кіріспе жазған.

Кіріспеде "Бұл еңгіме 1780 жылы шамасында, осы Шығыс тауында Матай мен Тобықты арасында болған іс" деп, осы оқиға болған уақыт шамасы да жероетілуі шекірдеге жетік Шекерін ел тарихына, ондагы оқиғалар мен көркемдік көріністеріне, байланыстарына терең үлгілгендігін аңғартады. Бұл да болса оның тарихқа, көркемдік қезинега бұрынғыдан гері өзгешелеу жақаша қарауға бейімделе тускендіріледі.

Шекеріматің "Еңлік-Кебек" поэмасы халық аңызы негізінде жазылған идеялық- көркемдік қасиеттері биік тұнды. Бұл шыгармамың ең алдымен көзге түсөр ерекшелігі - көркем образдар мен кейінкерлердің сомдауы, бейнелеулер, суреттеулер көп-ақ. Ақым бейнеленудегі жас батыр Кебек көп жағдайда бұрынғы штоқаларда тұныраспайтын қадір-қасиеттермен дарапанған, поэмада, портрет бітімі, жас бала болса да, жаңы отты деп басталады да:

Он бесінде Кебектің аты шыкты,  
Атты, жаңу беріне бірдей миңдты.  
Кезі әткір, қара торы жігіт екен,  
Орта бойлы, тапаңдау, көп миңдты.

Еш қалып түйін өлуге жаһын саллад,  
Согыс десе тұрмайды қойса байлат.  
Науға батын, жақынга және әдепті,  
Кімінің іні, тұлкенді агатайлад,-  
деп жалғасады.

Шекерін поэмасында бұрын белгілі оқиға арнасы мен ішін сактай баяндаудың езінде де - Нисан абызға бал аштыруға көлу!, аң аулау қызығына түсіп кету!, Матай елтіңің бір түйіне көлу!, Еңлікпен алғаш жолынүү, жастық сыр шертілу!, олардың тағдыры-

на озбүрлік ру араздықтары араласуы, бітіспес шайқастар, жатыгез билік орындалуы, Кебек пен Еңіктің сұмдық елімі - бері-бөрінде адам образдарын, сыртын, ішкі бітім сымбаттарын бейнелеуге, нақтылы суреттерге алғыла көзіл белінгендік, ақындық шеберлік байқалады. Сондыктан да Кебек, Нысан абыз, Еңілік, оның ата-анасын, рұлар тобы, билер бірыңғы нұсқалардағыдан белек, реалистік сипаттармен, нақтылық көріністермен ерекшелген, тоғызырылған.

Мисалы, поэмада Еңіктің ти-жайы, жалғыздығы, сүйкімділігі, еңбекшілдігі, ерікіз атастирымын жоры, қамау-шапастан шүтхарар тірегі-серігі болар ер-азаматпен тағдырын қосуға, махаббатқа, тірлік өмірге, бас еріктігіне батын қадамы, Еңілік пен Кебек арасындагы тәзік монологтар, оларға қарсы топ ерекеттер! реалистік арнада суреттелген.

Өткен қайғылы оқиғаны аңғимелеу сырты туралы ақын:

Шігіттер! Бұл еленді жазған менім,  
Емес хој жастылғанен салған әнім.  
Даң қансы, каза қансы, таза қансы?  
Аларың кеп гибрат байқагамың.

Хыз, қызық, батыр жазар кезім емес,  
Кастарды қызықтырган сезім емес.  
Ертегі емес, ертеде болған бір іс,  
Оидан жалған ынгарған сезім емес.

Өншійін еңгіме деп жулақ салма,  
Күрғана қызығымен қызын алма.  
Радік, залым, шафкат! - мейірімсіз -  
Соларды алыра алмай қапы қалыса,-деп

түжиримдайды да, тарих пен ақыз әңгімелерін замана қажеттер! -  
не жаратпақ болады. Сейтіп, Шекерім ел ақызын творчестволық-  
пен пайдаланып, сөзеттік желістін ширатып, образдар айқындал,  
әділеттілік пен әділетсіздік, махаббат пен жауыздық туралы халық идеясын дәстүрлі арнаға тустирген еді.

Еңлік-Кебек ақызы. М.Дуэзовді де қатты толғантып, осы атас трагедия жазғаны мелім. Осы нұсқаларды бірнеше аспектіде салыстыра қарал, зерттеу ер ақын, ер жазуыш тарихи фактілер мен халықтың ақыздарды ез творчествосында қалай пайдаланғаны, көркем қазынаны қалай байтқаны және тары басқа мәселелерді айқындал түсір еді. Бул ретте әдебиетші Р.Нұргалиевтің "Еңлік-Кебектің" ер нұсқаларын өзара салыстыра зерттеуіндегі алғашқы қадамы<sup>1</sup> жалғастырылуы қажет.

Шекерім творчествосындағы келесі бір көркем шыгарма - "Нартайлақ пен Айстулу" поэмасы адамдар арасындағы қактығыстарды бейнелеуге арналған.

Поэма:

Естілер көп жазады әңгімені,  
Жазбайды ермек үшін алденені.  
Жирип жаманынан, жақсыны үғып,  
Алын деп жазады гой өнегені.

Залымды жек көргізіп күйгізеді,  
Ақ үшін әділетті стікізеді.  
Өгейлік, әзімшілдік, бак-күнестік,  
Мейірімсіз, залежесті білгізеді,-деп

<sup>1</sup> Нұргалиев Рымгали. "Еңлік-Кебек" трагедиясы. "Мұхтар" өзесов тағызының" атты кітапта, Алматы, 1987, 328-бет.

басталады да, адамдар арасындағы күрделі де кини қарым-қатынастар: әке-шешесінен жетім қалған апали-сілділі Айсулу, Нұрсуладың қайғылы тағдыры, еріксіз ұзатылуы, көрген қорлықтары, ізгі жүркөті Нартайлактың оларға кемектесуі өңгімеленеді. Шыгарма желісі шубаланқылау, адам қактығыстары жадағайлау. Кейін бір нанимсыз жерлері де бар, Нартайлактың Айсулу қабірін іздең тапқанда мұздай бетінен стюі бүгандын мысал бола алады. Алайда "Нартайлак-Айсулу"-адының демократиялық-гуманистік, адамгершілік кезқарастарына сал жазылған поэзма. Шекерім поэмаларының ожеті ширап, елең күрілесін кебіне он бір бүніндегі болып келеді, үйқасы жатық-а, а, б, а, эпитет, тенеу, салыстыру, метафора, синекдоха тәрізі көркемдік тәсілдер маңызды қызмет атқарады.

"Лайлі-Мажнун" дастаны Шекерім шығыс алыптарымен жарыска түскенде көтерілген жаңа биігі, тел шыгармасы десе де болады. Қазақ адебиетінде бұрыннан келе жатқан тамаша бір поэтикалық дастур-Назира ақын дастурін осы түннісінде жарасынды жалғастырып, әдемі де енімді дамытқан. Шығыс классиктерін еркін де терек біліп, аса құрметтеген Жекерім:

Науан, Сагди, Шәмси, Физули бар,

Сайкали, Қожа Ҳафіз, Фердаусилар...

Бейітші елден асқан шешен болып,

Өлемге сездік нұрын жайған солар.—

дей келіп, бүкіл Шығыс пен дүниежүзі поэзиясының асыл маржа-ны санаудатын "Лайлі-Мажнун" шыгармасын Физули Бағдади жырлаған нұскадан аударып, жаңа түннідегі жағдап.

Ауызда және жазбаша тараған шығыс дастаны "Лайлі-Мажнун-ғе" үлғасырда әмір стрген Қайис атты ақынның қайғылы ғашық отын басынан кешіргені туралы араб аңызы негіз болғаны белгілі. Араб

тіліндегі түп шоқасында көбінесе Қанжтың және Мажиттің ақындығы ендімеленсе, кейінірек парсы және түркі тілдерінде жазатын ақын Незира дастурмен оның Лейліге деген махабатын жырлаган. Алғаш оны Низами 1118 ж. дастан етіп жазды да, осы тақырыпты кейін Дехлеви, Жеми, Наузи, Физули, Аңдалиб, т.б. ездерінде кестеледі. "Лейлі-Межитін" қазак халқына да ауызша және жазбаша таралып, фольклорға айналғаны белгілі. Шекерім езі айтқандай, "...булардың енін жазған адам - Физули Багдали деген кісі!". Физулидің кітабын іздеп таушп, сол шоқасындағы негізінде "Лейлі-Межитін" поэмасын жазды. Шекерім Физули дастанын жогары бағалаған:

"Ондай ғып еш бейітші жаза алмаган,  
Нақысын шын келтіріп, жаза алмаган...  
Мен оның келтіре алман миңнан бірін  
Айтуға тіл жетпейді тетті жырны,-

Дейіл. Дағы тұраса да, қазақ ақынның шебер жырлануында "Лейлі-Межитін" тың, аса көркем, қазақ поэзиясын байытқаш ірт туынды болып шықты. Ақынның поемадық шыгармаларының да, прозалық тлгілерінің де поэтикасы, өрине, арналы зерттеу объектісі бола алатын шыгармалар.

Ш. Қудайбердиев қазақ прозасы дамуына да едәуір тлес косты. Қазақ әдебиетінде бүрін поэзия: епос, дастан, поэма, елең басым болса, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басымда шын мәнінде көркем проза пайда болып, жедел дамығаны аяп. Онда прозалық туындылар - ғылыми, философиялық, публицистикалық шыгармалар да, гаражлар да, шешендік сездер де, новеллалар да, еңгімелер де, повестер де, роман да туып, жанрлық түрлері, езіндік формалары, стилі қалыптасты, мазитни байыды. Міне,

осы процеске Шекерімнің прозалық түннілілары – тарихи, ғылыми, философиялық шығармалары, шежіренама – "Тұрік, қыргыз, қазақ қәни хандар шекіресі!", "Мұсылмандық шарты" трактаттары, "Байшешек бакшесі" екімелер топтамасы, "Әділ-Мерік" – автор есі "Кайғыны роман" деп атаган шығармасы, "Менгі сөздер" – афористік топтама, "Шын бақтық айнасы", "Мен жетпіс екі жаңа келгенте", тегі басқа жинақтар қосылады. Бұлардың еркайсысында өзіндік идеялық-көркемдік салмақ бар; бірде адам болмысын, таңдырын жан-жакты суреттеуге тырысуышлық, бірде күнделікті кейбір емір жұбыныстарының көріністері, сыр-сипаттары арқылы толғамды ой жүйеленуі көзделеді.

Шекерімнің прозалық шығармаларында окира белгілі бір со-жетке қуылады, адам болмысы, хал-жадайы, іс-өрекеті, ой-өрісі, мінез-кулғы, психологиялық өзгешеліктері арқылы суреттеп ліп отырады. Тіл байлығын орында колданады, енегелі ойда ернектеп жеткізеді. Шекерімнің шығармалары кейбір қайталдаушылықтан, стильдік кемшіліктерден, үстірттіктерден ада болмаса да, негізінен қазақ көркем прозасын өзіндік өректерімен байытқан қазына.

### Аударма аукымы

Г. Құдайбердиевтің бай мұрасының мазмұны мен мәні - бірлік, ынтымақ, достық идеяларды уағыздау. Бұл мен-мазмұн қазақ мәдениеті мен адебиетінде бурыннан калыптасқан, дасттрлі сыр-сипат алған. Шекерімге адамзаттық, гуманистік, достық ауемдер тұн тостағы Абай Кунанбаев творчествосынан таныс ері етепе жақын еді. Енді ол жаңа тарихи жағдайларда осы дасттурді өрелі өрнек-термен жалғастырды, байытты.

Қазақ адебиетінің басқа халықтар адебиеттерімен байланыста дамуына Шекерім екелген қазына тұлан-гайыр. Ол ез заманы-

нин ақыл-он жемілдері бола алғандыктан, бірнеше тілді – араб, парсы, түрік, татар, өзбек, орыс тілдерін жетік мәңгерген-діктен, көптеген халықтар ғасырлар бойы қалыптастырылған рухани қазыналарға еркін бойдалап, терен игерे білу! нәтижесінде бір-сыныра туындағы қазақшага аударыл, халық иғілгіне айналдырылған. Шекерімнің көркем аударма принциplerі мен жұмыстарында – талкен рухани тәжірибе, тағылам, тәсіл. Шекерім жасаган жүйелі тархіменің бір қыры – шығыс классиктерінің, атап алтаданда, "Лейлі-Мажнін" поэмасының жырларын, Кафиздің бірнеше әлеуметтік қазақ тіліне аударуы. Бұл аудармалар бүкіл Шығыс әдебиетіндегі Нәзира дәстүрін қазақ топырагында өнімді дамытты. Шығыс классикасының хейбір улгілерін қазақ тіліне аудару арқылы Шекерім үлт әдебиетінің, үлт көркем сөзінің корын көңеңті түсти.

Шекерім Еудайбердиев және орыс әдебиеті тақырыбы – арнайы зерттеуді қамет ететін жеке сала. Өйткені, ол бурымнан келе жатқан дәстүрлі қазақ-орыс әдеби байланыстарын жемісті жалғастыруышы, дамытуышы, байытуышы, жаңа сатыга кетеруші болды. Шекерім орыс әдебиетінің адамзатты дамытудагы ролі туралы, ұлы казашылар Пушкин, Лермонтов, Некрасов, Толстой жайлы әлең жазып, орыс ғалимдарының еңбектерін үгият оқып, өзінің тарихи, философиялық, эстетикалық пікір-тәжірымдарында творчестволықten пайдаланады, қазақ жастарын білім-ғылымға, мәдениетке тәндергендегі үнемі тәсіл ретінде ғсанды. Ақын озық орыс мәдениетін, әдебиетін білу, мәңгеру қазақ қогамының рухани қалыптың биіктету жарақтарының бірі деп білді:

Тиленсе ғылыми мәнен сан өнерін,  
Білдер еді-зу өнердің не берерін.

Танисса ақын, ойыл адамымен,  
Табар еді-ау, адалдық ар кемегін.  
Білсе егер Салтыков пен Толстойнын,  
Сөзсө олардың айтылған терең ойын.  
Гоголь мен Пушкиндерден гибрат алса,  
Қазаңтың белер еді-ау нұрга бойын.  
Лермонтов, Некрасовтай ақындарын,  
Өнеге етсе солардың макулдарын.  
Езімшіл, нағандықтан, кесі ашылып,  
Аңғарар адап жолға жақындарын.  
Сүркія сопылардың алма тілін,  
Беті тұнық, асты ылай од бір жыны.  
Өнерстің өнеге алсаң үлгілі елден,  
Адамшылық өнер мен берер білім.

А.С. Пушкиннің "Дубровский" романын, "Боран" повесін Шекерім қазақ тіліне өлеңмен аударуы оның творчествосындағанда емес, қазақ әдебиеті мен мәдениеті тарихында елеулі оқиға болды. Бул шыгармалардың түп нұсқасы мен қазақшага өлеңмен аударылған нұсқасын салыстырганда, айтарлықтай алғалытық болмады, кейбір эпизодтары ғана қысқартылған, керкемдік ойлау жиесін, образ жасауды қазажыланырып, тел шыгарма ретінде еркін аударған. А.С. Пушкиннің прозаикалар шыгармаларын қалай аударғанын ақынның өзі өлеңмен туғырныдағын.

Пушкин шұрасының қадір-қасиетіне бойлау оның шаруа емес, білімдерлықты, интеллектуалдықты қажет етеді. Шекерім Пушкин поэзиясын "жүннің көштіне" балайды, оны бір қанатты сезді: ке-

Іінгі зерттеушілер де жи! колданған-ды. Пушкин мұрасының оуқіл адамзаттық рухани дамудағы, озық ой-пікір, мәдениет пен әдебиет тарихындагы мән-маңызы туралы толғанистарын Шекерім Пушкиниң "Дубровский" романының аудармасындағы кіріспе елеңінде айтқан.

Ш.Кудайбердиевтің ұлы жазушы Л.Н. Толстойға ариал жазған елең жолдарының мән-мазмұны ерекше. Өйткені, ол жалынды өрнектер Л.Н.Толстой өмірінің ең бір қын шактарында – реакцияның көртартпа топ жазушының халықта, шаруаларга ынталынан қорқып, именіп, оны қудалай бастаған кезде, тіпті Соловейдік монастырына қамауға алуға да ниеттепеңген. "Арылу" романының пыгумына байланысты жоғары діни орын – Синод 1910 жылы оны шіркеуден алас-тату туралы тұмсылыштара қарастырылған еді. Бұл тұмсеге кезінде Россияда ойлы, зияялы қауым мен отқара халық тарапынан қатты наразылық білдірілгөн болатын. Мысалы, Москвада тұымдастырылған бір көрмеде Л.Н.Толстойның портреті қойылды, алдына жүрт жиналып, тарқамай қойған. Мальцев шыны заводының жұмышлары мен қызметкерлері үлкен жасыл шыныға "Сіздің ұлы, қынбат, стілдің санап, адамдар өманды мактанатын болады" деп жан табиғентерлік жылы күрмет сездердің жазып, сыйға тартқан. Бұл қынбат сыйлық Ясная поляниадагы жазушының мемориалдық музейіндегі жазу үстелі тостіңде осы күнге дейін сақтаулы тұр.

Көртартпалар, патшадық ресми орындар мен дін иелерінің қудалауы салдарынан әділет үшін құрлескен жазушының жаңы ауырған, көңіл-күйі жүдеген кездерде халықтың оған деген қалтқысыз стілспеншілігі, ықыласы, бағасы үлкен моральдық жардем болған. Сондай сэттерде сонау алыстағы айнақта, бұтіл Шығыста десек те артық емес, алғашқы болып Шекерім мынадай елең жазды:

... Танбайын шекіртімін Толстойдың,  
Алдамтаң, арам сопы кепір қойлың.  
Канымен стінді еділет, ардың жолын.  
Сондыктан ох иесі терең ойдың.

Толстой кепір емес, кепір өзің,  
Дін емес – бері алдау айтқан сезің.  
Кеңілін соқыр, надансың, бейілін қара.  
Нігұ жарығын қалайша көсін көзің.

Көнбеймін дінді теріс бүрганына,  
Солның бара қоймаган құрбанына.  
Ақиқат сырымды айтсам Толстойдың  
Мың солини алмаймын тынағына.

Адастайсың ахынды, арлыға ерсөң.  
Холай көрме жылмай сопы көрсөң.  
Тапқыр, адал, ақ ниет адамдардың,  
Алданбайсың артынан ере берсөң.-

деп жырлайды да, жазуыны қудалаган дін келеріне қаром нәз-  
ашуын білдіреді!.

Шекерім Кудайбердиев Л.Н. Толстойдың "Ассирийский царь  
Асархидон", "Три вопросы", т.б. аяғімежерін "Асаркалон пат-  
ша", "Үш сауал" деп қазак тіліне аударған. "Үш сауал" еркін  
аударылған, сонында қазақ ақыны минарай коритынды елеқ қос-  
кан..

Адамшының ізделесек бұл жолға тто.  
Алдау қылма біреуге киянат ктк.

Жетілсек де жемтік жеп, ел зарлатпа,  
Ар, инсалтың сүйгенді таза жұмыс.

Шекерімнің орыс классикасынан будармасы да оның ағартуышылық, гуманистік, демократтық көзқарастары мен дүниетаным бағыттарына сәйкестендірілген. Осы бағыт түргысында Шекерім көптеген елдердің рухани байлығына тұлған, бойлаган.

Өзін толғандырган бірсынра әмір күбыльстарының, әлеуметтік, қоғамдық қайшылықтардың, шиеленістердің сырына бойлап, шешімін іздеғен уақыттарында Шекерім ықылым замандардың рухани корына, антикалық әдебиет ұлғілеріне, өз заманындағы шетелдік ой-әріс бағытына, мысалы, сонау киңр елде, Америкада, адамдарды-негрлерді күлдану, бас еркінен айыру сұмдықтарын бейнелеп, оны жор мүмкіндіктерін іздел, зар қаккан американдың жазушы Бичер Стоу Гарриеттің /1811-1896/ әлемге әйріл: "Том ағайдың лашығы" романына аялдал, көптеген үндестік, сейкестік көздестіреді. Том ағайдың образын Шекерім әлендерінде көлтіреді, онымен тағдырлас адамдар басқа елде де, казақ жерінде де бары туралы ойлаң, толғанады. Елден қашық кезінде жастайынан қасында болған серігіт бупіштің тағдыры мен әмірі бір сөт Том сияқты керініп, өзінің жан сырын түсінетін кимас досын елге кайтаруды ойлайды. Көзден еріксіз жас шығып айрылышама ақын. Том сияқты адамдáрдың қатíр-қасиеттерін түсінуге, ауыр тағдырларын жеңілдетуге әрекет жасауды, азаматтық, гуманистік идеяларды уағыздалды. Шекерімнің ой-қиялы, рухани іздеңіс иріммері сонау Европа елдеріндең білім-ғылымның даму жолын шолғанда, одан өз дүниетаным жиесінде бірде ғилемсімдік тапса, бірде қайшылыққа көздескені, кейде олармен пікір жарыстырганы

аяғарылады.

Шекерімді қатты толғандырган проблемалардың бірі - адамзат ойлап тапкан кару-жараптардың адам мен табиғатқа қарсы жұмсалуы, соғыс кеңінде адамдар қырылуы, зорлық, зомбылық, озбәрлік, сұмдықтар. Өткенде талай зиялыштардың жаңын жаралаған осы бір кесел қазақ ақынына да баткан. Ертедегі және осы күнгі адамдардың да жаңына бататын осы бір оқыс та кеменсіз кесаптқа қарсы жазылған Шекерім елендері ақынның интернационалдық ой-толғанистарының биіктігін, қастргімен тәндестігін, түлесімін байқатады.

... Кей-кейде түзелейік кел деседі,  
Көліккей соғыс ашып беллеседі.  
Айласы артық, қаруы сайы жеңіп,  
Мактанның бар ма біздей ел деседі.

Тамам жан өзін-өзі "мен" деседі,  
Өзгелерді жатырқап "сен" деседі.  
"Біз" дейтурын бір елді таба алмайсын,  
Бул қайтіп еділеттін тәндеседі!?

Бақ-даuletті мол берді жаратылғас,  
Лейдаланың қылсаңы жаңы жұмыс.  
Табиғаттың таусылмас қасиетін,  
Мұрттың жұмсақ жүргені ажылсыз іс.

Халда кетті жаратылғас берген байлық,  
Үсталғаны ескер мен қару сайлыш.  
Жаңы ашымай алсаңді аңша қырып,  
Мейірімсіз озбәрлігі осындаілық.

Шекерім революцияга ариаган "Бостандық тұны жарқырап", "Бостандық тасы атты" елдерінде "Бостандық тасын жөргөнім- кемелі- ме келгөнім" деп, адай екбетті, жарқын өмірді аңсап, адамзат та- тулығы, сәйлес тұны - ұйымшын, бейбіт, береке орнар жедешекке сөзіп етті.

Бостандық тасы атқан, күн шыққан жаңа деуірде революциялық шыныктай тұғаның берін толық түсініп, терең сезіну, жалынды жирымек ішін екету карт Шекерімге оңай соққан жок, оны та- жап ету де қызынсыз болар еді, Дамалығы мен сырт керхі бірдей сулу, жедешекке нұр толы қындар тілең, көңілінде жыр асқынған ақын жаңа деуірге - совет заманына жеткенде бақытты халының алдына шығып, бар даусымен:

Бул ен  
Бұрынғы аянес езгерек  
Бұған айттаны жаңа сез керек,  
Өзіне орайлы  
Денес, жан нұрлы болса, женделмек,  
Өлең, еннес өлемен айтса, енделмек.  
Үйдаста доханлы.  
Өн-еллеуіш, өлең-жыміс.  
Коспадың мис арадас.  
Артық алу, на кем салу  
Керіп қалу жарамас..

Ақын картайған шында жаңа келген заман лебін сезіп, философиялық терең сұға, ақындық табиғиеске толы, ізденіс бағдарына бойлаған тамаша туынды ернектейді. Өмірі кенет тұл- мегендеге, совет заманына лайық аздамға нұрлы жан, жаңа жыр мен

ен іздеуінде ол бүкіл қазақ еңбекшілерімен бірге талай шарықтауларға, биіктеге де жететін еді.

Адал етсөн еңбектің  
Жемістің жеп,  
Шалқыган ел-жұртам  
боларсың көңіл шат.  
Мен әлсем, үрпагым,  
артымда қаларсың.  
Тілелеген мақсұтты  
әмірден аларсың.  
Есіне алып,  
келгенде қабырны,  
Шаттықден шалқытып,  
әніме саларсың.

Рахайып ақын калдырган мол шұра замана қажеттерін етесіп, үрпақтан үрпакқа қалмақ.

#### Зиялдар зейінінде

Шекерім Кудайбердиевтің әмірі, мол әдеби мұрасының мазмұны мен жанрлық түрлері, үстанған бағыт-бағдарлары мен ежіс-врекеттері тірі кезінде де, кейін де зиялдар назарында болғаны, баспа арқылы бүрін-соңды айтылған ой-пікірлер көлемектегі ақын творчествосының, гылыми өмірбаянының зерттелуіне жардемін тигізгері сөзсіз. Біршама хронологиялық принцип бойынша шолуга келсек, Шекерім - ең алдымен Императорлық орыс географиялық қоғамының Батыс Сібір белгілінә қарасты Семейдегі белгімшесінің 1902-1910 жылдар арасындағы ишшесі. Онда осы белгімшесінің 131 тоғыз мүшелерінің қатарында "Семей уездің Бұғылғы болысының қазагы

"Шекерім Құдайбердин делінген" де, осы когамға 1903 жылы мүшелікке алынған, 1907 жылы тыққаны айтылған. Бул атальымның ақын емірбаянның, емір сұрген дауірін, арадасқан адамдарын, ортасын, осы кеадегі ой-өріс, пікір-тұжырым қалпы мен бағыт-бағдарын, тағы басқа жайларды тереңірек зерттеуге жардемін тигізепті хак. Когамға мүшелікке алынғанда Шекерім ез! толтырылған анкета, емірбаян қағаздары сакталуы да мүмкін. Бул атальым сол кезде Шекерім когамдық ой-пікір ағымының ортасында болғанын, қазак, орыс, татар халықтарының көзі алық оқығандарымен жатар, арадас, қызыметтес, пікірлес, мақсаттастығын аңгартады.

ХХ ғасырдың алғашқы онжылдығында ағартушылық демократтық іздештер нағижелердің бірі - қазақ журнал, газеттері шыға бастауын қуана қарсы алғандардың бірі - Шекерім. Ол "Айқап" журналы мен "Қазақ" газетіне арналған елеқ жағдя. "Тек" журнальда екі рет елеқ-әнмен байғазы ариады.

Ш. Құдайбердиев шығармаларын, естіресе, "Айқап" журналы жи! насиҳаттап, жоғары бағалагандығына бір мисал көлтірелік.

"Жаңа тыққан кітаптар" деген хабарда "Тобыкты Құнанбай-дың немерест Шекерім Құдайбердиевтің" шыгарған бірнеше кітапты туралы айта келіп. "кітап қадірін білген қазақтың алыт окуы тиіс. Сөзт жеділ, қазақша һәм жазуы үримді" дедінген.

Енді бір газетте: "Қазақ айнасы" - Шекерім Құдайберді - тты шыгарған елеқ кітап. Бастируши Шекерім ақсақалдың ез!... Бул елеңдер 1904 жылы жазылған екен, көлемі 50 бет, бағасы 20 тиин. Семейде "Ардем" баспасында басылышты.

"Жолсыз жаза" - бу да Шекерім ақсақал шыгарған - елеңмен жазылған тарихи хикәя. 1780 жыл шамасында шығғыс тауында Матай мен Тобыкты арасында болған бір оқиғаны баян еткен. "Қазақ айнасымен" бір жерде басылған, көлемі 17 бет, бағасы көрсетілмеген<sup>1</sup>:

"Қана келд!" деген ҳабарда ші кітап бар: "Қазақ айнасы" /әлең/, "Жолсыз жаза" /әлең/, "Калхаман-Мамыр" /әлең/. Ішесүде Шекерім Құдайбердіұлының шыгарған кітаптары. Алдырушылар үшін адрес: Оренбург, "Қазақ"<sup>2</sup> атты редакциялық газет. Міне, бул бағалар мен ҳабарлар Шекерім кітаптары баспалардан шығысмен оқырман назарында болғанын аңгартады.

"Аїқап" журналының 1914 жылғы 4-санында Абай жайтыс болғанының 10 жылдығына Семейде үйнидастырылған көш туралы есепте билдірілген: "Абайды түгизған қазақ даласы, тағы да Абай секілді білікті, онан да артық данышпандар түгизар" дегендегі тыңдауыш қазақтардың жүйесін босап, көзіне жас алғандағы да болды./Байғұс қазақ қам көнілді гой./

... Абайдың қадірі ҳалықка зор екен. "Абайдың әлеңі оқылғанда талай қазактың көзінен жас мелліреді. Бұл кешті жасауда Нұргали Құлжанов, Абайдың балалары Қекітай һәм Тұратыл Мирзаниң әлеңге, білімге индеймі бар деп айтсады. Абай сүкілді сүнқардағы орны бос қалмас деп үміт етеміз. Қазақ шеңрестің негізін жүрган, қазірде әлеңмен бірнеше кітаптар жазылған ақсақал Шекерім қажы осы Абайдың інсі болады"<sup>3</sup>.

1. "Қазақ" газеті, 1914, наурыздың 30-ы.

2. "Аїқап" журналы, 1912, № 17.

3. "Аїқап" журналы, 1914, № 4.

Шекерімнің өзгеше бітімін, биік мансутын, ақыл-ой тәрендігін, толғандырар тұжырым аудымы көндігін алғашқы таңып, кадірлекендераін, өлеңге арқау еткендердің бірі, ғажап ақын, оның Султанмахмұт Торайғыров еді.

Абай мұрасының қадір-қасиетін терек түсіне бастаган халық Шекерімге үлкен үмітпен қарғанын сол кездегі зияяллардың бірі, кейін Семейде және Жетісінде Совет үкіметінің орнатуға белсene қатысқан журналист, тарихшы Сабыржан Габбасов "Тарих қазақ жайынан" деп аталатын еңбегінде басда меселелерімен қатар Абай мен Шекерім туралы жазған:

"Ибраһим мырза, яғни Абайды білмеген жүрт жоқ. Абай ете даана, ете шагиыр философ адам. Бірақ, жүрт қадірін тір! шағында білмесе де, осы күні еркім оны сағынады. Өлгеніне де бірнеше жыл болған Құнанбай мырза менен Абай меркүмши жүрттың жадына қадірлі ақсақал Шекерім Құдайберді баласы да ту-сіреді. Бұл адамның жазған кітаптарын қолга алып қарай бастағанда, бұл кітап жазушы ақсақалдың үлкен экесі марғын қажы Құнанбай мынандай болғанда, өз ағасы Абай жандай болған екен деген ойға қаласың..."

Бұл күнде милдетіне қаламымен қызмет қылыш жағдан күрметті, аса қадірлі Шекерім күміс ер-төкім, күміс белдік, жуан бос курсаққа мас болып, қажы деген сезге тәбесі қекке жеткендай болып жүрген қажыларымызға үлкен-ақ тлргі боларлық зат... Шекерім сияқты ақсақалдарымыздың ғұмырына берекет беріп, оқыған жастарымызға Шекерімдей болуга настіп етсін"<sup>1</sup>.

Совет дәүірінде Ш.Құдайбердин тұындылары өз бағасын ада бастағанын "Лейлі-Межитін" поэмасының ақын аударған нұсқа

<sup>1</sup> "Айқап" журналы, 1915, № 6, 95-бет.

басылымына С.Сейфуллин жастан алғысөздөн де керуге болады. С.Сейфуллин "Әдебиет майданы" журналына бас редактор болып тұрған кезде Пушкиннің "Боран" повесін Шекерім елеңмен аударған түрі басылды да, прозалық шыгарманы елеңмен аудару ерекшелігі аталып-етті<sup>1</sup>.

Мұхтар Әуезов "Абай ақындығының алнасы" атты мақаласында Абайдың дел өз түсінда, өз деуірінде еңбек еткен ақындар турали айта келіп: "Мәндай ақын тертеу. Оның екеуі - Ақылбай, Магауия - Абайдың өз балалары... Калған екеуі - Кекбай, Шекерім, осы тертеуі ақын Абайдың нағыз толық магынадағы шекірттері. Абайдың аталық, ағалық, тұстаңық тәрбие алушан басқа, оның елең мән қара сездерін окушы ері таратуши, бағахашы, тұтынушы болудан басқа, бұлар Абай баоптығымен өз жандарынан жырлар да жазған... Абай оларға такырып беріп, елеңдерін сыйнайды, түзейді, қалай түзеудің жолын айтады. Дөлін айтқанда, бұлар Абайдың ақын шекірттері есепті де, Абай алды оларға жазушының мектебі сияқты болады<sup>2</sup>.

Ш.Кудайбердиев мұрасын жинауга, баспаға дайындауга, ғылыми зерттеуге Н.Дүйсенбаев едеуір үлес қости. Ш.Кудайбердиев турали ол адеби энциклопедияга мақала жазды<sup>3</sup>.

Ш.Кудайбердиевтің жекелеген елеңдер топтамасының "Қазақ әдебиеті" газетінде 1959 жылы жариялануының алғысөзін Ә.Темібаев<sup>4</sup>, "Қазақстан ақындары" жинағында орыста басылуына қысқаша ентрбоянын М.Магауин жазды<sup>5</sup>.

1 "Әдебиет майданы" журналы, 1936. № 2.

2 Әуезов М. Абай. Қтнанбаев. Мақалалар мен зерттеулер. Алматы, 1967. 244-бет.

3 Дүйсенбаев Н. Кудайбердиев Шекерім. КЛЭ.т.8.М., 1975.с.336-337.

4 "Қазақ әдебиеті" газеті, 1959.

5 Поэты Казахстана, Л., 1978. 284-бет.

Шекерім Құдайбердиевтің мұрасын зерттеуде Қазақ ССР Гылым академиясы Президиумының жаңындағы "Қазақ әдебиетінің даму заңдылықтарын зерттейтін" ғылыми тілестіру совет пен М.О. Өуезов атындағы әдебиет жөне енер институтының ғылыми Советі бірігіп, 1969 жылы желтоқсаның 3-інде еткізген мәжілістің зор маңызы болды. Онда С.Мұқанов, Г.Містрепов, Ә.Төхібаев, М.Базарбаев, Н.Дтисенбаев, С.Кирабаев, Ә.Нұрпейісов, т.б. сез сейлем, Ш.Құдайбердиевтің творчествосын зерттеу туралы пікір анысты.

С.Мұқанов былай деген еді: "Шекерім бір қазакқа хат жазған жоқ, маган ғана бір хат жазған еді, сол хаты менде бар, сонда барлық пікірін жазған. Қандай принцип үстаян, не іс-теп жатыр, шыгармасы қашан жаэылған, осылары бар. Осы хатта біраз мен бар. Хат жазушылық жолының есебті сияқты"<sup>1</sup>. Біз бул хатты С.Мұқанов музейінен, архивтен іздестіріп көріп едік, тампадық. Қындердің күнінде бул хат табыла қалып, жарияланса, Ш.Құдайбердиевтің творчестволық емірінің көптеген кырларын тануга жердемесері сезсіз. Ш.Құдайбердиев мұрасының кейбір қырының, атап айтқанда Л.Н. Толстой атын қадрлекенін Ә.Нұрпейісов пен Ә.Әлімжанов "Литературная газетада" жариялаган махалаларында айтты<sup>2</sup>.

Шекерім Құдайбердиев қалдырган мол мұраның идеялық мазмұн байлығы, тақырыптық ауқымы, жанрлық молдығы, көркемдік

1 Қазақ ССР Гылым академиясы Президиумының жаңындағы "Қазақ әдебиетінің даму заңдылықтарын зерттейтін" ғылыми тілестіру советі мен М.О. Өуезов атындағы әдебиет жөне енер институтының ғылыми советі бірігіп еткізген мәжілістің стенограммасы. Алматы, 1969, желтоқсаның 3-і, Қолжазба, 29-30-бет.

2 Нұрпейісов А.М., 1988, акпанинq 24-1.

есерлікі, стилдік өзгешіктері, тілдік шеберлікі, басқа да толып жатқан сыр-сипаттары, сан алуан қырлары едейі, деңекті зерттелетін кезең туды. Қорамдық ғылымдардың сан саласындагы мамандар бұл итраны комплексті ғылыми зерттеуге кірсе, таяу жылдарда іргелі ғылыми-зерттеу еңбектер де туар деп түттегенуге болады. Шекерім Құдайбердисівтің ынғармала-рымд қинауы, текнологиялық зерттелуі нәтижесінде қаноның тековтері жүйеденіп, қазакша және орынша алдымен көпшілік, содан соң академиялық басылымы шыту қажет.

Ақынның бұрын басылған және ер түрлі қоймаларда қолжазба түрінде сакталған ынғармаларының көпшілігі қазірде қина-тейіп, текнологиялық жүйеге келтіріліп, көпшілірі басылу то-тінде, қинақталу, академиялық басыныңға өзірік, ақынның өмір-баяны, ескен ортасы, заманы, түннілары, одарға жатсы бар материалдар іздеу, зерттеу ісі ұтргізіле бермек, ғылыми ба-ғыттары анықтала, нақтылана түспек, ақынның азаматтық, твор-чествоның және ғылыми өмірбаяны жазылмақ.

Шекерім Құдайбердисів қалыптаған итра идеялық-керхемдік мазиттінің байланысмен ерекшеленеді, ол XIX ғасырдың 30-ы мен XX ғасырдың басындағы қазак едебиеті тарихимен тікен орын алады. Бұғынде халық қазынасына айналып отырған бұл итра коғамнаның рухани байтуға, оның гуманистік және адамгершілік идеяларын, мақсат-інтраттарын орнындаруға қызмет ететінің хәз.

## МАЗИТ НЫ

Елмен жайта табысқан /3/. Абай аға заңында /7/, Өлең өрнектері /17/. Премалар хакында /22/. Аударма аударма /33/. Зияльшар зейінінде /41/.

Учебное издание

Шамшиябану Канышевна Сатпаева

ШАКАРИМ КУДАЙБЕРДИЕВ

/на казахском языке/

Редакторлары: Ж. Қайранбаев, Р. Әлмұқанова. Көркемдеуші редакторы К. Өтебев. Техникалық редакторы Г. Стіланова. Корректоры Б. Тәттібаева.

ИБ № 5090

Ротапринттен басуға 20.02. 91 қол қойылды. Пішімі 84x108<sup>I</sup>/32. Баспаханалық қағаз. Шартты баспа табагы 2,520. Шартты болуды бет тәндасы 2,730. Есептік баспа табагы I, 847. Тиражы 3 000 дана. Заказ № 634 · Бөлgesи 60 т.

Казак ССР Баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитетінің "Реуан" баспасы, 480124, Алматы қаласы, Абай проспектісі, 143 үй.

Казак ССР Баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитетінің "Кітап" полиграфиялық кәсіпорындары ендірістік бірлестігінің билет-бланк және медөл онімдер баспаханасы, 480016, Алматы қаласы, К. Маркс көшесі, 15/1-үй.